

"Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 660/2 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, 37-бабы 8-тармағына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18-бабы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" № 590 қаулысына сәйкес, Павлодар қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. Павлодар қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 14 қарашадағы "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 1222/26 қаулысының күші жойылсын.

3. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі қолданыстағы заннамаға сәйкес, осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С. А. Гладышевага жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар қаласының әкімі

A. Байханов

Павлодар қаласы әкімдігінің

2022 жылғы "28" сәуірдегі

№ 660/2 қаулысына

қосымша

**"Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже
1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыреті шеңберінде басшылықты жүзеге асыратын, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мәртабандары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

6. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыреттіңің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бөлім басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Кривенко көшесі, 25 - құрылыш.

10. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі:

дүйсенбі – жұма күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі – жексенбі.

11. Мемлекеттік органның мемлекеттік тілдегі толық атауы: "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: Государственное учреждение "Отдел физической культуры и спорта города Павлодара".

12. Осы Ереже "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшы құжаты болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеме қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады

14. "Павлодар қаласы дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Павлодар қаласы дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға тұсуге тыйым салынады.

Егер "Павлодар қаласы дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

15. Мақсаттары:

1) дene шынықтыру мен спорт жүйесінің негізгі даму бағыттарын іске асыру, оларды дамыту бойынша болашақ, ағымдағы, мақсатты бағдарламаларды әзірлеу;

2) қаланың дene шынықтыру мен спорт саласындағы ұйымдардың, бірлестіктердің, мекемелердің және кәсіпорындардың қызметін үйлестіру;

3) қалалық спорттық-көпшілік және дene шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын жоспарлау және өткізу;

4) спорт түрлері бойынша қаланың құрама командаларын құру, облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарға катысу үшін оқу-жаттығу жиындарын өткізу;

5) дene шынықтыру және спорт мәселелері бойынша конференциялар, төрешілер кеңестерін, семинарлар өткізу;

6) жеке спортшыларды дайындау және олардың облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету;

16. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

- мемлекеттік мекеме алдына қойылған міндеттерді орындауға байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан, лауазымдық тұлғалардан қажетті ақпаратты, құжаттар мен басқа да материалдарды өтеусіз негізде сұрату және алу;

- Павлодар қаласы әкімі мен әкімдігінің қарауына жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың ұйымдастырушылық қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

- шарттар жасасу;

- Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан

Республикасының Үкіметі, жоғары тұрған мемлекеттік орган қабылдайтын өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген құқықтарды жүзеге асыру.

2) міндеттері:

- мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық, құқықтық, ақпараттық-талдамалық жұмысын жүзеге асыру және оны материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасын іске асыру, қалалық мемлекеттік органдар жүйесінде кадрлардың біліктілігін арттыру;

- Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, жоғары тұрған мемлекеттік орган қабылдайтын өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген міндеттерді жүзеге асыру.

17. Функциялары:

1) дене шынықтыру мен спорт дамуының қалалық жоспарларын өзірлейді және іске асырады;

2) жеке тұлғалардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалу орындарында спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасайды;

3) спорттың түрлері бойынша қалалық жарыстарды өткізді;

4) спорт түрлері бойынша аудандық қалалық құрама командаларды даярлауды және олардың спорттық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді;

5) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз етеді;

6) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында қалалық маңызы бар қалалық дене шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

7) спортшыларға: 2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік-разрядты спортшы спорттық разрядтарын береді;

8) мынадай: біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтыруши, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтыруши-оқытуши, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтыруши, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтыруши-оқытуши, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын береді;

9) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуі үйлестіреді;

10) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысанда және мерзімдерде облыстың жергілікті атқарушы органына ұсынады;

11) ресми дene шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

12) дene шынықтыру және спорт іс-шараларын өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;

13) спорт ұйымдарына әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

14) қалалық мамандандырылмаған балалар-жасөспірімдер мектептерінің қызметін қамтамасыз етеді;

15) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады:

- білім беру, дene шынықтыру және спорт саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу;

- спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу ұйымдастыру тәртібін бұзу.

16) Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, жоғары тұрған мемлекеттік орган қабылдайтын өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген функцияларды жүзеге асырады.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

18. "Павлодар қаласы дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Павлодар қаласы дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Павлодар қаласы дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

20. "Павлодар қаласы дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының орынбасары жоқ.

21. "Павлодар қаласы дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) мемлекеттік мекеме туралы Ережені Павлодар қаласы әкімдігінің бекітуіне ұсынады;

2) Қазақстан Республикасы Зандарының, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, облыс және қала әкімдігінің қаулыларын орындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, жоғары тұрған органдарды олардың орындалу барысы туралы жүйелі түрде хабардар етеді;

3) басшы бүйректарын шығарады;

4) мемлекеттік мекемеде сыйайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау бойынша шаралар қолданады;

- 5) мемлекеттік мекемеде сыйбайлар жемқорлықта қарсы әрекет жасау бойынша міндеттердің орындалуы үшін дербес жауап береді;
- 6) "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасайды;
- 7) мемлекеттік органдарда, өзге ұйымдарда "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мұддесін білдіреді;
- 8) белгіленген заңнама тәртібінде шарттар жасайды;
- 9) сенімхаттар береді;
- 10) "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің актілеріне қол қояды;
- 11) "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметінен босатады;
- 12) "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің міндеттері мен құрылымдық бөлімшелердің функцияларын анықтайды;
- 13) "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне мадақтау шараларын және тәртіптік жаза қолданады;
- 14) "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімдерінің ережелерін бекітеді;
- 15) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өз құзыреттілігі шегінде басқа да функцияларды жүзеге асырады.

"Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамага сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің алқалы органдары жок.

4-тaraу. Мемлекеттік органның мүлкі

23. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру

жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алған мүлікті өз бетімен иелікten шығаруға немесе өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта үйымдастыру және тарату

26. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағында мынадай үйим бар:

1) Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Спорттың балалар - жастар орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК